# Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құруына, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтер ұсынуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 260 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 шілдеде № 17198 болып тіркелді.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 12-3) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағы 2 тармақшасынына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құруына, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтер ұсынуына мониторингті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау үшін және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* *М. Әбілқасымова*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Ауыл шаруашылығы министрі
_______________ Ө. Шөкеев
2018 жылғы 29 маусым

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_______________ Ж. Қасымбек
2018 жылғы 27 маусым

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_______________ Т. Сүлейменов
2018 жылғы "___"__________

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
____________ Қ. Бозымбаев
2018 жылғы 21 маусым

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2018 жылғы 19 маусымдағы
№ 260 бекітілген

## Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құруына, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтер ұсынуына мониторингті жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.06.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтерді беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 26-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

2) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы (бұдан әрі – Электрондық еңбек биржасы) – еңбек нарығының бірыңғай ақпараттық базасын қамтитын ақпараттық жүйе;

3) жұмыс орны – еңбек қызметі процесінде жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

4) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## 2-тарау. Ұлттық жобаларды, даму жоспарларын іске асырушы орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құру, жеке кәсіпкерлік субъектілері іске асырушы жобаларды, сондай-ақ жұмыс орындарын құру туралы мәліметтерді беру мониторингін жүзеге асырудың тәртібі.

### 1-параграф. Жұмыс орындарын құру, ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде құрылатын жұмыс орындарын құру туралы мәліметтерді беру мониторингін жүзеге асырудың тәртібі

3. Жұмыс орындарын құру мониторингі екі деңгейде жүзеге асырылады:

1) өңірлік деңгейде – ұлттық жобалар мен даму жоспарларын іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы органдар;

2) республикалық деңгейде – ұлттық жобаларды іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік органдар.

4. Ұлттық жобаларды іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік органдар және өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыратын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар:

1) жыл сайын, жоспарлы жылдың алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде алдағы есепті жылға арналған ұлттық басқарушы

холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларында көзделген ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлы көрсеткіштерді аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері және экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптастырады;

2) жыл сайын, жоспарлы жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларында көзделген ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бөлінісінде алдағы есепті жылға халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ұсынады.

5. Ұлттық жобалар мен даму жоспарларын іске асырушы жергілікті атқарушы органдар:

1) жыл сайын есепті жылдың 5 қаңтарына дейін ұлттық жобалар, даму жоспарлары бөлінісінде жұмыс орындарын құрудың өңірлік карталарын бекітеді (өзекті етеді) ;

2) жыл сайын есепті жылдың 15 қаңтарына дейін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтерді ұсынады.

Ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде іске асыруы бір мезгілде жоспарланатын жұмыс орындары ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын жұмыс орындары ретінде көрсетіледі.

6. Жергілікті атқарушы органдар "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді орналастыру бойынша ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде жобаларды іске асырушы жұмыс берушілермен жұмысты ұйымдастырады.

7. Ұлттық жобалар мен даму бағдарламалары шеңберінде құрылатын жұмыс орындарына азаматтарды жұмысқа орналастыру Электрондық еңбек биржасы немесе халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс берушілер ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде құрылған жұмыс орындарының кемінде 15 пайызын халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

8. Жұмыс орындарын құруға мониторинг жүргізу мыналарды қамтиды:

1) жұмыс орындарын құру туралы ақпаратты жинау және қорыту;

2) құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру туралы ақпаратты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар туралы ақпараттық жүйелердің деректерімен салыстырып тексеру;

3) жұмыс орындарын құру туралы ақпаратты талдау;

4) орталық және жергілікті деңгейлерде халықты жұмыспен қамту саласында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін жұмыс орындарын құруды талдау нәтижелерін пайдалану.

9. Орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар "Жұмыс орындарын құру мониторингі" интеграцияланған картасы (бұдан әрі – Интеграцияланған карта) арқылы ұлттық жобалар мен даму жоспарлары шеңберінде іске асырылатын жобаларда құрылған жұмыс орындары бойынша мониторингті жүзеге асырады.

10. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұлттық жобалар мен даму жоспарларын іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру туралы есепті автоматты түрде қалыптастырады.

## 2-параграф. Жеке кәсіпкерлік субъектілері құратын жұмыс орындарын құру туралы мәліметтерді беру, жұмыс орындарының мониторингін жүзеге асыру тәртібі

11. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі нысаналы индикатор әрбір аудан және облыстық маңызы бар қала бойынша еңбекке қабілетті жастағы халық санының 1 (бір) пайызы есебінен айқындалады.

12. Мемлекеттік статистикалық қызмет саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын статистикалық деректер аудандар мен қалалар бөлінісінде еңбекке қабілетті жастағы халықтың саны туралы ақпарат көзі болып табылады.

13. Нысаналы индикатор облыстық маңызы бар аудандар мен қалалар бөлінісінде статистикалық деректерді қалыптастыру қорытындылары бойынша жылына бір рет белгіленеді.

14. Халықты жұмыспен қамту саласындағы уәкілетті орган есепті жылдың 25 ақпанына дейін еңбекке қабілетті жастағы халық туралы статистикалық деректер негізінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде нысаналы индикаторларды есептеуді жүзеге асырады және оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

15. Жаңа жұмыс орындарын есепке алу халықты жұмыспен қамту саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінен алғаш құрылған (тіркелген) заңды тұлғалар және (немесе) дара кәсіпкерлер бойынша және жұмысқа орналастырылған қызметкерлер үшін олар енгізген міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша мәліметтерді жинау негізінде жүзеге асырылады.

16. Жергілікті атқарушы органдар құрылған жұмыс орындары бойынша мониторингті Интеграцияланған карта арқылы жүзеге асырады.

17. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс орындарын құруы туралы есепті осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Интеграцияланған карта арқылы қалыптастырады.

Мемлекеттік бағдарламаларды
іске асыруға жауапты орталық
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс орындарын
құруына, жұмыс орындарын
құру туралы мәліметтер
ұсынуына мониторингті жүзеге
асыру қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

20___ жылғы есепті кезең

Индексі: КРМ-1

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынылады: жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаларды, ұлттық жобаларды және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) даму бағдарламаларын іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік орган,

Қайда ұсынылады: халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға

Ұсыну мерзімі: жыл сайын ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін

**Ұлттық жобалар, даму бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтер**

_________________________________________________бойынша

(ұлттық жобаның атауы)

| р/с № | Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атауы | Жобалардың саны, барлығы, бірлікпен | Құрылатын жұмыс орындарының саны, барлығы, бірлікпен | оның ішінде: | | Республикалық бюджеттен бөлінген сома, мың теңге | Жергілікті бюджеттен бөлінген сома, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | уақытша жұмыс орындары, бірлікпен | тұрақты жұмыс орындары, бірлікпен | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

"Ұлттық жобалар шеңберінде
іске асырылатын жобаларда
жұмыс орындарын құру
жөніндегі жоспарлы

көрсеткіштер туралы
мәліметтер"
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

**Ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік орган жыл сайын жоспарлы жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін алдағы есепті жылға арналған ұлттық жобалар шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтерді облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

2. Мәліметтерге бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

3. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

4. 2-бағанда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда іске асырылатын жобалардың саны көрсетіледі.

6. 4-бағанда жобаларды іске асыру шеңберінде құрылатын жұмыс орындарының жалпы саны көрсетіледі.

7. 5-бағанда жобаларды іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

8. 6-бағанда жобаларды іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

9. 7-бағанда жобаларды іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген сома көрсетіледі.

10. 8-бағанда жобаларды іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінген сома көрсетіледі.

Мемлекеттік бағдарламаларды
іске асыруға жауапты орталық
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс орындарын
құруына, жұмыс орындарын
құру туралы мәліметтер
ұсынуына мониторингті жүзеге
асыру қағидаларына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Есепті кезең 20 _ _ жылғы _ _ ___ _

Индексі: КРМ-2

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: мемлекеттік бағдарламаларды, ұлттық жобаларды және облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың)даму бағдарламаларын іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы органдар

Қайда ұсынылады: халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті жылдың 15 қаңтарына дейін

**Ұлттық жобалар және даму бағдарламалары, инвестициялық жобалар шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтер**

| р/с № | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы | Қала, аудан атауы | Ұлттық жобаның, бағдарламаның, инвестициялық жобаның атауы | Жобаның атауы | Жұмыс түрі | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші | Жобаны іске асырудың басталуы (Ай / жыл) | Жобаны іске асырудың аяқталуы (ай / жыл) | РБ-дан бөлінген сома ( мың теңге) | ЖБ-дан бөлінген сома ( мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Құрылатын жұмыс орындарының саны, барлығы, бірлік ( | оның ішінде: | | Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны 20__ жылғы қаңтар үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындары саны 20__ жылғы ақпан үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны 20__ жылғы наурыз үшін | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік ( | Құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік ( | барлық жұмыс орында | оның ішінде: | | барлық жұмыс орында | Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік ( жоспар) | | Құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік ( жоспар ) уақытша жұмыс орында | барлық жұмыс орындары, бірлік | |
| | | | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орында |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жоспар) | жоспар) | жоспар) | ры, бірлік | | | ры, бірлік | | | ры, бірлік | | ры, бірлік |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны 20__ жылғы сәуір үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны 20__ жылғы мамыр үшін | | |
|---|---|---|---|---|---|
| всего рабочих мест, единица | оның ішінде: | | всего рабочих мест, единица | оның ішінде: | |
| | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны 20__ жылғы тамыз үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындары саны 20__ жылғы қыркүйек үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындары саны 20__ жылғы қазан үшін | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| барлық жұмыс орындары, бірлік | оның ішінде: | | барлық жұмыс орындары, бірлік | оның ішінде: | | барлық жұмыс орындары, бірлік | оның ішінде: | |
| | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік |
| 36 | 37 | 38 | 39 | 40 | 41 | 42 | 43 | 44 |
| | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Құрылатын уақытша жұмыс орындары саны 20__ жылғы қараша үшін | | | Құрылатын уақытша жұмыс орындары саны 20__ жылғы желтоқсан үшін | | |
|---|---|---|---|---|---|
| барлық жұмыс орындары, бірлік | оның ішінде: | | барлық жұмыс орындары, бірлік | оның ішінде: | |
| | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік | | уақытша жұмыс орындары, бірлік | тұрақты жұмыс орындары, бірлік |
| 45 | 46 | 47 | 48 | 49 | 50 |
| | | | | | |

"Ұлттық жобалар, өңірлерді
дамыту бағдарламалары,
инвестициялық
жобалар шеңберінде іске
асырылатын жобаларда жұмыс
орындарын құру жөніндегі
жоспарлы көрсеткіштер
туралы мәліметтер"
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

## Ұлттық жобалар мен өңірлерді дамыту бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жыл сайын есепті жылдың 15 қаңтарына дейін жобаларды іске асыру (жұмыс орындарын құру) айлары бойынша бөле отырып, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісінде ұлттық жобалар мен даму бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда және экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер туралы мәліметтерді жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

2. Мәліметтер есепті жылға жоспарланған жобалар бойынша іске асырудың жоспарланған айлары бойынша бөліністе қалыптастырылады.

3. Мәліметтерге бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

5. 2-бағанда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

6. 3-бағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы көрсетіледі.

7. 4-бағанда ұлттық жобаның, даму бағдарламасының атауы көрсетіледі.

8. 5-бағанда жобаның атауы көрсетіледі.

9. 6-бағанда жобаның жұмыс түрі көрсетіледі (жиналмалы конструкциялардан ғимараттарды сатып алу және/немесе тұрғызу, уақытша құрылыстар салу, күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу, салу, абаттандыру және көгалдандыру, реконструкциялау, сейсмикалық күшейту және басқалар).

10. 7-бағанда Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің анықтамалығына сәйкес жобаның экономикалық қызмет түрі көрсетіледі.

11. 8-бағанда жобаны іске асырудың басталуы (айы/жылы) көрсетіледі.

12. 9-бағанда жобаны іске асырудың аяқталуы (айы / жылы) көрсетіледі.

13. 10-бағанда жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген сома (мың теңгемен) көрсетіледі.

14. 11-бағанда жобаны іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінген сома (мың теңгемен) көрсетіледі.

15. 12-бағанда жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

16. 13-бағанда жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

17. 14-бағанда жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

18. 15-бағанда тиісті жылдың қаңтар айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

19. 16-бағанда тиісті жылдың қаңтар айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

20. 17-бағанда тиісті жылдың қаңтар айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

21. 18-бағанда тиісті жылдың ақпан айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

22. 19-бағанда тиісті жылдың ақпан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

23. 20-бағанда тиісті жылдың ақпан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

24. 21-бағанда тиісті жылдың наурыз айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

25. 22-бағанда тиісті жылдың наурыз айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

26. 23-бағанда тиісті жылдың наурыз айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

27. 24-бағанда тиісті жылдың сәуір айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

28. 25-бағанда тиісті жылдың сәуір айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

29. 26-бағанда тиісті жылдың сәуір айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

30. 27-бағанда тиісті жылдың мамыр айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

31. 28-бағанда тиісті жылдың мамыр айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

32. 29-бағанда тиісті жылдың мамыр айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

33. 30-бағанда тиісті жылдың маусым айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

34. 31-бағанда тиісті жылдың маусым айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

35. 32-бағанда тиісті жылдың маусым айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

36. 33-бағанда тиісті жылдың шілде айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

37. 34-бағанда тиісті жылдың шілде айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

38. 35-бағанда тиісті жылдың шілде айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

39. 36-бағанда тиісті жылдың тамыз айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

40. 37-бағанда тиісті жылдың тамыз айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

41. 38-бағанда тиісті жылдың тамыз айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

42. 39-бағанда тиісті жылдың қыркүйек айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

43. 40-бағанда тиісті жылдың қыркүйек айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

44. 41-бағанда тиісті жылдың қыркүйек айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

45. 42-бағанда тиісті жылдың қазан айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

46. 43-бағанда тиісті жылдың қазан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

47. 44-бағанда тиісті жылдың қазан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

48. 45-бағанда тиісті жылдың қараша айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

49. 46-бағанда тиісті жылдың қараша айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

50. 47-бағанда тиісті жылдың қараша айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

51. 48-бағанда тиісті жылдың желтоқсан айында жобаны іске асыру шеңберінде барлық құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

52. 49-бағанда тиісті жылдың желтоқсан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

53. 50-бағанда тиісті жылдың желтоқсан айында жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын тұрақты жұмыс орындарының саны, бірлік (жоспар) көрсетіледі.

Мемлекеттік бағдарламаларды
іске асыруға жауапты орталық
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс орындарын
құруына, жұмыс орындарын
құру туралы мәліметтер
ұсынуына мониторингті жүзеге
асыру қағидаларына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту бағдарламаларын, инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есеп**

| № р/с | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атауы | Өңірлерді дамытудың барлық ұлттық жобалары мен бағдарламалары бойынша барлығы жұмыс орындары құрылды | | | Оның шеңберінде жұмыс орындары құрылған ұлттық жобаның атауы | | | Оның шеңберінде жұмыс орындары құрылған өңірді дамыту бағдарламасының атауы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы, бірліктермен | тұрақты жұмыс орындары, бірлікпен | уақытша жұмыс орындары, бірлікпен | Барлығы, бірліктермен | тұрақты жұмыс орындары, бірлікпен | уақытша жұмыс орындары, бірлікпен | Барлығы, бірліктермен | тұрақты жұмыс орындары, бірлікпен | уақытша жұмыс орындары, бірлікпен |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

"Ұлттық жобаларды, өңірлерді
дамыту бағдарламаларын,
инвестициялық жобаларды іске
асыру шеңберінде жұмыс
орындарын құру мониторингінің
нәтижелері туралы есеп"
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

**Ұлттық жобаларды, өңірлерді даму бағдарламалары, инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есепті түсіруге арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту бағдарламаларын, инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде аудандар, аудандық және облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде, экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есепті қалыптастырады.

2. Мәліметтер ай сайын ұлттық жобалар, өңірлерді дамыту бағдарламалары, инвестициялық жобалар шеңберінде нақты құрылған жұмыс орындары бойынша қалыптастырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

4. 2-бағанда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (қаланың, ауданның) атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда барлық ұлттық жобалар, өңірлерді дамыту бағдарламалары, инвестициялық жобалар бойынша құрылған барлық жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

6. 4-бағанда барлық ұлттық жобалар, өңірлерді дамыту бағдарламалары, инвестициялық жобалар бойынша құрылған барлық тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

7. 5-бағанда барлық ұлттық жобалар, өңірлерді дамыту бағдарламалары, инвестициялық жобалар бойынша құрылған барлық уақытша жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

8. 6-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба бойынша құрылған барлық жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

9. 7-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба бойынша құрылған барлық тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

10. 8-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба бойынша барлық құрылған уақытша жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

11. 9-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба шеңберінде барлық құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

12. 10-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба шеңберінде барлық құрылған тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

13. 11-бағанда жеке ұлттық жоба, өңірлерді дамыту бағдарламасы, инвестициялық жоба шеңберінде барлық құрылған уақытша жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

Мемлекеттік бағдарламаларды
іске асыруға жауапты орталық
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс орындарын
құруына, жұмыс орындарын
құру туралы мәліметтер
ұсынуына мониторингті жүзеге
асыру қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Ұлттық жобаларды, өңірлерді даму бағдарламалары, инвестициялық жобаларды, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпкерлік субъектілерін іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есеп**

| № р/с | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы | Құрылған жаңа жұмыс орындарының саны | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оның ішінде | | | | | | | | | |
| | | | | Экономикалық қызмет түрлері бойынша | | | | | | | | |
| | | барлығы | тұрақты жұмыс орындары | Ауыл, орман және балық шаруашылығы | өнеркәсіп | құрылыс | Көлік және қоймалау | көтерме және бөлшек сауда, авто және мотоциклдерді жөндеу | білім | денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер | экономикалық қызметтің басқа түрлері | уақытша және маусымдық жұмыс орындары |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |

"Ұлттық жобаларды, өңірлерді
дамыту бағдарламаларын,
экономикалық қызмет түрлері
бойынша инвестициялық
жобаларды іске асыру
шеңберінде жұмыс орындарын
құру мониторингінің
нәтижелері туралы есеп"
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

## Ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту бағдарламаларын, инвестициялық жобаларды, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпкерлік субъектілерін іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есепті түсіруге арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне аудандар, аудандық және облыстық маңызы бар қалалар, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде ұлттық жобаларды, өңірлерді дамыту бағдарламаларын, экономикалық қызмет түрлері бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы экономикалық қызмет түрлері бойынша есепті қалыптастырады.

2. Мәліметтер ай сайын ұлттық жобалар, өңірлерді дамыту бағдарламалары, экономикалық қызмет түрлері бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде нақты құрылған жұмыс орындары бойынша қалыптастырылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда реттік нөмір қалыптастырылады.

4. 2-бағанда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы қалыптастырылады.

5. 3-бағанда ұлттық жобаларды және кәсіпкерлік субъектілерін іске асыру шеңберінде құрылған барлық жаңа жұмыс орындарының саны қалыптастырылады.

6. 4-бағанда ұлттық жобаларды және кәсіпкерлік субъектілерін іске асыру шеңберінде құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындары қалыптастырылады.

7. 5-бағанда "ауыл, орман және балық шаруашылығы" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

8. 6-бағанда "өнеркәсіп" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

9. 7-бағанда "құрылыс" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

10. 8-бағанда "көлік және қоймалау" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

11. 9-бағанда "көтерме және бөлшек сауда, авто және мотоциклдерді жөндеу" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

12. 10-бағанда "білім беру" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

13. 11-бағанда "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер" саласында құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

14. 12-бағанда экономикалық қызметтің басқа түрлері бойынша құрылған жаңа тұрақты жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады.

15. 13-бағанда ұлттық жобаларды және кәсіпкерлік субъектілерін іске асыру шеңберінде құрылған жаңа уақытша және маусымдық жұмыс орындарының барлық саны қалыптастырылады

Мемлекеттік бағдарламаларды
іске асыруға жауапты орталық
және жергілікті атқарушы
органдардың жұмыс орындарын
құруына, жұмыс орындарын
құру туралы мәліметтер
ұсынуына мониторингті жүзеге
асыру қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

## Жеке кәсіпкерлік субъектілері құратын жаңа жұмыс орындары туралы есеп

| Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы | Кәсіпорындар саны | Жұмысқа орналастырылған қызметкерлер саны | Заңды тұлғалар | | | | | | Жеке кәсіпкерлер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ірі | | Орташа | | шағын | | Жалдамалы қызметкерлерді тарту | | Қызметін дербес жүзеге асыратын |
| | | | Кәсіпорындар саны | Жұмысқа орналастырылған қызметкерлер саны | Кәсіпорындар саный | Жұмысқа орналастырылған қызметкерлер саны | Кәсіпорындар саны | Жұмысқа орналастырылған қызметкерлер саны | Кәсіпорындар саны | Жұмысқа орналастырылған қызметкерлер саны | Жеке кәсіпкерлер саны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |

"Жеке кәсіпкерлік субъектілер
құратын жұмыс орындары
туралы есеп"
Әкімшілік деректер жинауға
арналған нысанға
қосымша,

## Жеке кәсіпкерлік субъектілері жұмыс орындарын құру мониторингінің нәтижелері туралы есепті түсіруге арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар бөлінісінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс орындарын құруы туралы есепті автоматты түрде қалыптастырады.

2. Мәліметтер жеке кәсіпкерлік субъектілері нақты құрған жұмыс орындары бойынша ай сайын қалыптастырылады.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда өңірдің/ауданнның/қаланың атауы көрсетіледі.

4. 2-бағанда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде есепті кезеңде алғаш құрылған шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

5. 3-бағанда есепті кезеңде алғаш құрылған, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар енгізілген заңды тұлғаларға жұмысқа орналастырылған қызметкерлердің, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар енгізілген дара кәсіпкерлер мен олардың жалдамалы жұмыскерлерінің саны көрсетіледі.

6. 4-бағанда есепті кезеңде алғаш құрылған, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

7. 5-бағанда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар енгізілген ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, есепті кезеңде алғаш құрылған заңды тұлғаларға жұмысқа орналастырылған қызметкерлердің саны көрсетіледі.

8. 6-бағанда есепті кезеңде алғаш құрылған, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

9. 7-бағанда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар енгізілген, орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, есепті кезеңде алғаш құрылған заңды тұлғаларға жұмысқа орналастырылған қызметкерлердің саны көрсетіледі.

10. 8-бағанда есепті кезеңде алғаш құрылған, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

11. 9-бағанда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар енгізілген шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, есепті кезеңде алғаш құрылған заңды тұлғаларға жұмысқа орналасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

12. 10-бағанда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде есепті кезеңде алғаш тіркелген дара кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

13. 11-бағанда облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бар есепті кезеңде алғаш тіркелген дара кәсіпкерлер мен олардың жалдамалы қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

14. 12-бағанда есепті кезеңде алғаш тіркелген және қызметін дербес жүзеге асыратын, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бар дара кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК